

Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 37/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қарашада № 5544 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 14 қарашадағы № 38/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 14.11.2023 № 38/02 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының б), 9) тармақтарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 14010 тіркелді) бұйрығына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына карамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде.

2. Жезқазған қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 19/03 " Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4349 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (193) "Жезказганский вестник" газетінде, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (8051) "Сарыарқа" газетінде, Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 22 қыркүйегінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Қ. Бегімов

Жезқазған қаласы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№ ___/___

қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарға жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	144	1	1
2	"Жезқазған қаласының білім бөлімінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	128	1	1

3	"Жезқазған қаласының білім бөлімінің №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	112	1	1
---	--	-----	---	---

Жезқазған қаласы әкімдігінің
2019 жылғы " ____ " _____
№ ____ / ____
қаулысына 2 қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде жұмыс орындарының саны
1.	"Қарағанды облысының Білім Басқармасының Жезқазған политехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	74	2	1
2.	"Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 7 " Айгөлек " бөбекжайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	66	2	1
3.	"Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 1 " Көктем" бөбекжайы " коммуналдық	60		1

	мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны		2	
4.	"Жезқазған қаласының білім бөлімінің №11 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	2
5.	"Қорғау қызметі" ЖШС филиалы	705	4	28

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК